

«Зейінді ұрпақ – оқырман өлке» атты облыстық конференция мен «Кітапхана – рухани қазына ошағы» атты мәдени шара



Сәтбаев қаласының Баубек Бұлқышев атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлнәр Саруарқызы «Жастар жиі пайдаланатын әлеуметтік желілерде ұлттық құндылығымызды дәріптеу», Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітап қорын толықтырушы Фатима Тұларқызы «Балалар кітапханасы» атты бағдарлама», Жаңаарқа аудандық Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің электронды қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Гүлжан Байзаққызы «Тік-Ток платформасында кітаптағы насихаттау жолдары» атты баяндамаларды ұсынды.

Жарылғапова Балтабайқызына, 2011-2018 жылдар аралығында директор қызметін атқарған Ғалия Мәжікенқызына ұсынды. Сонымен қатар Ұлытау облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Ғалия Түгелбаева Өмірзаққызы кітапханашыларды құттықтап, марапаттарды ұсынды. Ақпараттану-кітап ісі кафедрасы меңгерушісі, ақпараттық-библиография ғылымдарының магистрі Қызылгүл Советқызы кітапханашыларға жылы лебізін білдірді.

Жаңаарқа аудандық Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде 2023 жылдың 27 қазан күні кітапханамыздың 80 жылдық мерей тойына арналған «Зейінді ұрпақ – оқырман өлке» атты облыстық конференция өтті. Конференцияны Жаңаарқа ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Медет Файзрахманұлы құттықтау сөзімен бастады. Сөз барысында кітапханашыларды 24 қазан күні кітапханашылар мерекесімен құттықтап, жетістіктерін атап өтті. Кітапханамыздың ардагері, 1998-2011 жылдар аралығында директор қызметін атқарған Жарылғапова Гауһар Балтабайқызы кітапхана тарихы туралы айтты.

Конференцияға қатысқан кітапханашылар жұмыстарына керекті мағлұматтар алып, ойларын ортаға салды. Конференцияны қортындылай келе мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында берілген тапсырмалардың оң шешімін табатынына, келер ұрпаққа мол әсері мен пайдасын тигізетініне көз жетті.



Іс-шара барысында кітапхананың тарихынан бастап қазіргі кезге дейінгі жетістіктер мен қызметтері туралы айтылды.

Кітапханада 40 жыл еңбек еткен Ақбөпе Кәрттайқызы «ҚР Мәдениет және өнер саласының үздігі» және «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгілерімен, Жібек Балташқызы мен Қарағаш ауылының кітапханашысы Ботагөз Әбілқызы «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен,

Сағат 15.00-де Мәдениет үйінде «Кітапхана – рухани

Гүлжахан Сайлаубайқызы «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ақтүбек ауылының кітапханашысы Бағлан Жұмағалиқызы Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

Кітапханамыздың тұрақты оқырманы Жұмабай Жұмасейітов пен Балтабай Қызыров ағамыз «Мерекең құтты болсын - кітапхана» атты арнауын арнады,

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің барлық ауыл филиалдарының кітапхана қызметкерлері қатысып, жоба және үйірме жұмыстарымен таныстырды. Ұлытау облысының кітапхана директорлары мен әдіскерлері тақырыпқа сай баяндамаларын оқыды. «Кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады» атты баяндамамен Жаңаарқа аудандық Сәкен Сейфуллин атындағы



орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры міндетін атқарушы Қожамберлина Раушан Серғалиқызы бастады. Ұлытау аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Салтанат Ниязова Махмұтқызы «Зейінді ұрпақ – оқырман өлке», Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директор орынбасары Гүлназира Қайырқұлқызы «Кітапхана имиджі»,

қазына ошағы» атты мерекелік концерт өтті. Мерекелік шараны Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Әсет Жұмажанұлы құттықтау сөзімен бастап, қызметкерлерді марапаттау рәсімімен жалғастырды. Марапатты 1976-1992 жылдары кітапхана директоры қызметін атқарған Қалимолдаева Роза Әбдрахманқызын «Қазақстанның ардагер кітапханашысы» төсбелгісімен, 1998-2011 жылдар аралығында директор қызметін атқарған Гауһар

Балғатай Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының кішкентай оқырмандары Дарина Бакытбек және Диас Айдынулы «Жүр, досым кітапханаға» әнін шырқап берді. Мерекелік концерт кітапхана қызметкерлерінің «Атамекен» хорымен аяқталып, от шашумен әрленді.

Әйгерім Маратқызы,
Әдістемелік бөлім меңгерушісі